

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ - СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Сабданбекова З.А., т.ғ.к.

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Қазақстан тарихында 1920-1936 жылдар аралығында орын алған Кеңестік автономиялық дәуірдің өзіндік маңызы мен ерекшелігі бар. Тоталитарлық жүйенің қаншама кемшіліктері болғанымен, бұл жылдар халқымыздың заңнамалық түрде алғаш рет өзінің мемлекеттілігіне қолы жеткен кезең болатын. 1920-1936 жылдар аралығындағы Кеңестік автономиялық дәуір Қазақстан тарихында ерекше маңызға ие кезең болып табылады. Бұл уақытта қазақ жерінде Кеңес үкіметінің орнауы мен ұлттық автономияның құрылуы, әлеуметтік және саяси құрылымдардың түбегейлі өзгеруі, сондай-ақ мәдениет пен білім беру саласындағы жаңалықтар Қазақстанның дамуының жаңа кезеңіне жол ашты.

1920 жылғы тамыздың 26-сында РКФСР-дің Бүкілресейлік Орталық Атқарушы комитеті (БОАК) және Халық Комиссарлары кеңесі (ХКК) «РКФСР құрамында «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жариялады. Сол кезде РКФСР кеңестік автономия бастауларында құрылған алғашқы федеративтік социалистік мемлекет болатын. ҚазАКСР құру туралы Декрет Қазақстанның аумағын белгілеп, оның басқарушы органдары болып жергілікті депутаттар кеңестері, ал республика деңгейінде Орталық атқару комитеті (ОАК) және Халық комиссарлары кеңесі (ХКК) саналатынын айқындап берді. Әскери аппаратты басқару үшін Қазақ әскери комиссариаты құрылды.

1920 жылғы қазанның 4-нен 12-сіне дейін Орынборда Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің Құрылтай съезі өтті. Съезд ашылған күн – 1920 жылғы қазанның 4-і – қазақ кеңестік ұлттық мемлекеттіліктің туған күні. Бұл – қазақ халқының тарихындағы ең бір атаулы және маңызды оқиға. Съезд өкіметтің жоғарғы органдарын – республиканың Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесін сайлады. ҚазАКСР-дің ОАК төрағасы болып – Сейітқали Мендешев, ҚазАКСР ХКК төрағасы болып В.А.Радус-Зенькович сайланды. Қазақ халқының ұлттық мемлекетінің шаңырағы қайта көтерілді. Қазақтың кеңестік ұлттық мемлекетінің құрылуы азақ халқының ғасырлар бойғы арманының орындалуы, отаршылыққа қарсы күрестің нәтижесі, ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы қадам деп қабылданды.

Қазақ АКСР-ін құру жолында қазақ зиялылары маңызды рөл атқарды. Олар ұлттық автономия идеясын насихаттап, ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыс жасады. Қазақтың көрнекті қайраткерлері Кеңес үкіметінің саясатына бейімделіп, қазақ халқының мәдени және саяси құқықтарын қорғауға тырысты. Зиялылар ұлттың тәуелсіздігі мен автономиясын қолдай отырып, Қазақ автономиясының құрылуына күш салды. Сонымен қатар, олар қазақтың мәдениеті мен білімін дамытуға да үлкен үлес қосты, бұл Қазақстанның болашақтағы әлеуметтік және саяси дамуында маңызды рөл атқарды.

Осындай тұлғалардың бірі мен бірегейі Сәкен Сейфуллин. Мемлекет қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын-жазушы Сәкен Сейфуллин (1894-1938 ж.), Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин 1922 жылдың қазаны – 1924 ж. қараша айы аралығында Қазақ АКСР Қазхалкомның төрағасы қызметін атқарды. 28 жасында Сәкен Сейфуллин Кеңестің III съезінде Кеңестің халық комиссариатының төрағасы болып тағайындалды. ХКК төрағасының лауазымы қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Премьер-министрдің лауазымымен бір қатарға қоюға болады.

1920-1936 жылдары Қазақ АКСР-індегі Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) Кеңес үкіметінің жоғары атқарушы органы ретінде қызмет атқарды. Оның негізгі функциясы - республиканың мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастыру, заңдарды орындау және экономикалық, әлеуметтік-саяси реформаларды жүзеге асыру болды. Халық Комиссарлар Кеңесі түрлі салалар бойынша комиссариаттарды басқарды, мысалы, халық ағарту,

денсаулық сақтау, қаржы, ауыл шаруашылығы, әділет, мәдениет сияқты маңызды бағыттар бойынша шешімдер қабылдап, қоғамдық өмірді реттеді.

Ол Ақмола облысының Ақмола уезіне қарасты Нілді болысының №1-ші ауылында Сейфолланың отбасында дүниеге келген. Әкесі қарапайым малшы адам болған [1, 303 б.]. Сәкеннің әкесі Сейфолла сөзге шешен, домбырашы, саятшы болған. Ол тұңғышынан үлкен үміт күтті. Анасы Жамал Сәкеннен басқа 4 құрсақ көтерген.

Сәкен 1905-1908 жылдары Нилдідегі орыс-қазақ мектебінде және Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде білім алады. Ал 1908-1913 жылдар аралығында үш кластық қалалаық училищесінде ілім алады [2, 103 б.]. 1913-1916 ж. Омбы мұғалімдер семинариясында Нығмет Нұрмақов пен Мағжан Жұмабаевпен бірге оқыған. 1914 жылы Міржақып Дулатов Омбыда Ғайнижамалға үйленеді. Сол тойға келген Мағжан мен Сәкен қалыңдықтың сіңлісі Гүлшаһраға ғашық болып қалады. Бірақ, қыз Сәкенді таңдайды. Сол кезден-ақ, екі жас ақынның арасында ғашықтық бәсеке ғана емес, шығармашылық бәсеке де басталған.

Сонымен қатар, Омбыда оқып жүрген қазақ жастарының басын біріктіріп, ұйым құруға ұйытқы болған Шәймерден Әлжан болса керек. Сол кезде Шаймерден Әлжан медреседе мүфти болып жүреді. Бір күні оған арасында Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Таутан Арыстанбеков бар 7-8 қазақ жігіті сәлем беруге барады. Сонда мүфти өзіне амандасуға келген жігіттерге «осы жастардың басы неге қосылмайды, неге бірігіп ойын-сауық өткізбейсіңдер» деген сұрақ қояды. Мүфтидің аузынан ойын-сауық деген сөзді естіген Таутан Арыстанбеков алғашында не ойларын білмей қалады. Содан мүфти Омбыда 200-дей қазақ барын айтып, онда оқып жүрген жастардың басын қосып, ұйым құруға ұсыныс тастайды. Сол кезде Мағжан ұйымның атын «Айна» қояйық дейді, артынша Сәкен жұлып алғандай «айнаға қай бетімізді көреміз, оданда Бірлік қояйық» дейді. Сонымен, ұйымның атауы «Бірлік» болып, Шаймерден Әлжан төраға, ал Сәкен оның орынбасары болады.

Дәл осы Омбыда ақынның социал-демократиялық ұстанымдары қалыптаса бастады. Оған осы кезеңде жазушы-революционер Феоктист Березовский үлкен ықпал етті.

Омбыдағы оқуын аяқтағаннан кейін Сәкен Сейфуллин еңбек жолын 1916-1917 ж. Ақмола уезінің Бұғылы ауылында мұғалімдіктен бастайды. 1917-1918 ж. Ақмола уездік атқару комитетінің төрағасы, төралқа мүшесі және Ақмола депутатар кеңесінің ағарту комиссары қызметтерін атқарды. 1917 жылдың сәуір айында "Жас қазақ" ұйымын құрды. Бір жылдан соң Ақмолаға ақтар келіп, сол жердегі кеңес үкіметін құлатады. Сейфуллин тұтқындалып, түрмеге қамалады. Одан кейін атаман Анненковтың "өлім пойызымен" Колчак түрмесіне жеткізіледі. Осының бәрін "Тар жол, тайғақ кешу" романында жазған. Ақмола қаласындағы әр түрлі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрген Сәкен 1918 жылы ұсталып, Ақмола. Петропавл түрмелерінде, атаман Анненковтың «Азап вагонында», Колчактың Омбы лагерінде ауыр азап шегеді. Тоғыз айға созылған ауыр азаптан 1919 жылы наурыз айында қашып шыққан Сәкен «Дүйсенбі» деген жалған атпен Әулиеата жеріне келіп, кеңес өкіметін орнату жұмыстарына белсене қатысқан. Сәкен бұл азапты күндер мен көрген қиыншылығын «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романында жан-жақты баяндаған.

Сәкен Сейфуллиннің көрген қиындықтары, Колчак түрмесінде отырғаны – бәрі-бәрі оның большевиктер арасындағы беделін көтерді. Босап шыққаннан кейін 1919-1920 ж. Ақмола уезінің Саран, Қойтан боыстарында кеңестер билігі органдарын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген. 1920-1921 ж. Қазақ атқару комитетінің төралқасының мүшесі болған. 1922 жылдың сәуірінен Қазақ АКСР ағарту Халкомы коллегиясының мүшесі, ал 1922 жылдың маусым-қазаны аралығында Қазақ АКСР Ағарту халкомының екінші орынбасары қызметін атқарады. Ал, 1922 жылдың қазанынан Қазхалкомы төрағасы қызметін атқарған болатын [1, 376-386 бб.].

Осы қызметке сайланар алдында толтырылған РКП Орталық Комитетіне жіберілген анкетаға облыстық партия комитетінің хатшысы Г.А. Коростелев: «Сейфуллин жолдас қазақтан шыққан азғана табанды коммунистердің бірі. Кеңес қызметінде тәжірибесі орташа. Қазақ тілінде жазатын жақсы әдебиетші. Қазір Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының

орынбасары қызметін атқаруда. С.Сейфуллин өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай орындауда. Өзінің бұрынғы қызметтерінде С.Сейфуллин іске басшылық ете алатындығын, қызметтерді іріктей алатындығын және оларды басқара алатындығын танытқан. Өзінің қарамағындағыларға және партия қызметкерлеріне көзқарасы жақсы. Партияның тәртіпті мүшесі. Маркстік ілімді өз бетімен оқып жетілген. Саяси жағдайды тез аңғарады. Саяси жағынан тұрақты. Большевикпен ауытқыған кезі болған емес. Қабылдаған қарарды жүзеге асыруда жігерлі де табанды. Өзін өзі ұстай біледі және қателік жасаса, оны жіндеуге ыждаһаты мол жетеді. Өңгіме-өсек пен жікке ыңғайы жоқ», - деп жазған [3, 217 б.].

С.Сейфуллин Қазақ үкіметі басындағы басшылық қызметке күйреген халық шаруашылығы мен жұт пен аштық жайлаған ауыр кезеңге келді. С.Сейфуллин өзінің сөйлеген сөзінде үкіметтің 1920-1922 жылдарға дейін назары жаңа мекемелер құру мен нығайту, ашаршылық пен жұтпен күреске жұмсалғанын айта келіп, алдағы уақыттағы міндеттерді қысқа тұжырымдап көрсетеді. Олар атап өтсек: қазақ халқын отырықшы қылу, өнер-білімге жұмылдыру; оқу істерін нығайту, тез арада қазақтан кадр қызметкерлер дайындау, ауыл шаруашылығын, кооперацияны дамыту, халықты алып-сатарларға жем қылмау; бұрынғы тоқтап қалған завод, фабрикаларды, кәсіп дүкендерін жөндеп іске қосу; қазақ жастарын әскер ісіне үйрету [4, 14 б.].

Өкімет билігін қолына алғаннан кейін С.Сейфуллиннің ең алғаш қол қойған құжаты - «Жоғары дәрежелі оқу орындары шәкірттеріне қазыналық орын беру жұмысын басқарушы комиссияның нұсқасы» болды. Соның нәтижесінде 1922-1923 оқу жылына жоғары оқу орындарында оқитын 620, оның ішінде Қазақстаннан тыс жерде оқитын 195 студентке қазыналық стипендия тағайындау мәселесін шешті. Қазақтан кадрлар дайындау үшін Өндіріс және Жер-су комиссариаттарына көбірек орын беріп, Мәскеу, Петроград, Ташкент, Томск, Сарытау (Саратов), Қазан, Омбы қалаларына жіберілді. Және қазыналық орынға оқуға түскендер жарты жыл сайын оқу нәтижесі бойынша есеп беріп, оқуларын аяқтаған соң міндетті түрде Қазақтанға қызмет етуі тиістілігі міндеттелген [3, 218 б.].

Сонымен қатар, Партияның XII съезінің шешіміне сәйкес және басқа ұлт республикаларының тәжірибелерін ескеріп, 1923 жылдың 9 маусымында «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген мақала жазып, үлкен саяси және әлеуметтік мәні бар іске мұрындық болды [3, 239 б.]. Көп ұзамай бұл мәселені Қазатком Төралқасының талқылауына салып, Қазатком мен обкомның, оқу, қаржы және Ішкі істер халкомының өкілдерінен тұратын арнайы комиссия құру қажеттігін және аталмыш іс жалпы мемлекеттік маңызы бар болған соң, оған мемлекеттің бюджеттен қаржы бөлінгенін, бұл жағдайда ғана арнаулы курстар ашып, қызметкерлер даярлауға мүмкіндік болатынын айтқан [5]. Алты айдан кейін 1923 ж. 22-қарашасында «Қазақ тілінде іс жүргізу» туралы Қазхалкомның декреті қабылданады. Декретте былай делінеді:

«Кеңестердің Бүкілқазақтық съездерінің қаулыларын және Қазатком мен Қазхалкомның декреттерін жүзеге асыру мақсатымен:

А) Қаз КСР аумағында қазақ және орыс тілін мемлекет тілі деп тану туралы;

Б) ҚазКСР -дің мемлекеттік, қоғамдық мекемелері мен ұйымдарында орыс тілімен қатар, қазақ тілінде іс жүргізу туралы;

В) декреттерді, нұсқауларды, жарлықтаоды, арнаулы қарарлар мен заң және мемлекет актілерін екі тілде қабылдау және жариялау жөнінде Қазатком қаулы етті:

1) 1924 жылдың қаңтарынан бастап қазақ тілінде іс жүргізу Қаз КСР -дің барлық қазақ болыстарында және мына уездерде – Ақтөбе губерниясының Адай, Торғай, Шалқар, Темір, Ақтөбе, Ырғыз; Бөкей губерниясының барлық уездеінде; Орал губерниясының - Жымпиты мен Гурьев; Семей губерниясының - Қарқаралы және Зайсан; Ақмола губерниясының – Ақмола, Атбасар, Черлак, уездерінде енгізілсін. Халқы аралас уездерде қазақ және орыс тілінде қатар жүргізілсін.

2. Орынбор губерниясы мен оның уездерінен басқа ҚазКСР*дің барлық уездері мен губерниялары қазақ тілінде іс жүргізуге 1924 жылдың 1-ші шілдесінде түгелдей көшіріледі.,

осы уақытқа уездің және губерниялық мекемелердің кездесіп отырғанын елдер өз аппараттарын қазақ хәне орыс тілінде қатар іс-жүргізуге дайындауға міндетті [6].

Декрет қабылданғаннан кейін 1924 жылдың 6 наурызында Қазатком Төралқасының мәжілісінде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жөніндегі комиссияның істері талқыланды. Ә.Жангельдин, Н.Нұрмақов, Ж.Сәдуақасов, С.Сейфуллин 1923 жылғы декреттің орындалмай жатқандығын, түрлі тосқауылдардың кездесіп отырғандығын баяндалады. Бұған Сейтқали Меңдешев, Коростелев, Авдеевтер нақты ештеңе айтпай, Мұхтар Саматов қазақ тілін тек жергілікті жерлерде ғана қолдану керек деп істі насырға шаптырады. Содан Қазатком қайтадан қаулы қабылдап, нақты шаралар белгілейді.

С. Сейфуллин қазақ халқын тезірек сауаттандыру үшін араб алфавитінің кейбір қиындықтарын оңайлау мәселелерін де көтерген. Сондықтан алфавитке реформа қажеттілігі мәселесін қазақ білімпаздарының I съезінде талқыланып, С.Сейфуллин латын алфавитіне алу-алмау мәселесіне сабақтастырмай, араб алфавитінің қосарланып пайдаланылатын әріптерінің сыңарын ғана алу, дәйекшені азайту, 24 әріппен ықшамдалған алфавитті Қазатком мәжілісінде бекіту үшін баяндама жасап, талай дау-дамайға түскен мәселені заңдастыруға көмектесті [3, 253-254 бб.].

«Еңбекшіл қазақ» газетінде үстін-үстіне жарияланған «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» (09.06.1923), «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» (25.06.1923), «Қазақстанның губерниялық хәм уездік исполком төрағаларының құлақтарына» (03.08.1923) «Не қылдыңдар?» (15.08.1923), «Қазақстанның орталық кеңес комитетінің III жалпы жиналысының қорытындысы» (11.09.1923), «Қазақстанның Заң комиссариатына теңеліндер» (19.09.1923), «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу» (22.12.1923), т.б. мақалалары жоғарыдан нұсқау беріп қана қоймай, оның орындалуын қатаң қадағалайтын басшының табандылығын танытады.

Сонымен қатар, 1923 жылы қаңтарда қабылданған «Жер туралы кодекс» еңбекшілердің жер құқығын, жерге орналастырудың сипаты мен әдістерін белгілеп берді. Дегенімен жерді пайдаланудағы заңның толық орындалмай жатқандығы және бұндағы кемшіліктерді барынша жою керектігін С.Сейфуллин көтереді.

Оның 1923 жылы 6 маусымда ХКК -нің мәжілісінде бекіткен «Мемлекет иелігіндегі жерді пайдалану туралы Ереже» [7] негізінде отырықшылыққа ауысқан қазақтарға, жері жоқ еңбекшілерге, мүгедек жандар мен жетімдер үйі үшін губерниялық оқу бөлімдеріне жеңілдіктер тиеселі болса, оның КСРО ХКК мен ОАК -нің 1923 жылдың 24 тамызындағы 5%-дық жеңілдік жөніндегі декреті негізінде қабылданған 12.09.1923 ж. қабылданған шешімге сәйкес елдегі кедей шаруашылықтар бірыңғай ауыл шаруашылығы салығынан босатылды [8]. Елдегі ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында ауылшаруашылық банкі бөлімшелері ашылып, мал, тұқымдық астық, құрал-сайман алу үшін шаруа қожалықтарына заттай және ақшалай несие беру қолға алынады. Осылайша қазақ халқын отырықшыландыру, егін салуына мүмкіндіктер жасалған. 1924 жылдың 28 мамырында С.Сейфуллиннің ұсынысымен ҚХК жерге орналастыру ісіне қосымша қаржы бөледі [9].

С.Сейфуллин өзінің «Советская степь» газетіндегі «Негізгі мақсат – ауылшаруашылығын қалпына келтіру» деген мақаласында ол елдегі шаруашылықтың құлдырауына мал басының 80 пайызға азайып, жер қарапайым әдіспен өңделгендіктен егістік көлемінің аз екендігін айтқан [10]. Яғни, қазақ шаруашылығының қайта қалпына келіп, дамуы үшін бірнеше шарттың орындалуының қажет екендігін, алдымен бос жерді жайлап, мал бағып, онымен қатар жер кәсібімен шұғылданып, егін егу керектігін анық түсінген.

Сонымен қатар С.Сейфуллин елдің экономикасын дамытуда зор рөлі бар жәрмеңке ісіне көп көңіл бөлді. Бұл орайда үкімет алдында азамат соғысы мен аштық, жұттың салдарынан тоқтап қалған жәрмеңкелерді қайта жандандыру міндеті тұрды. Үкіметтің 1923 ж. 25 сәуірдегі кезекті мәжілісінде С.сейфуллин елде жәрмеңке саудасын дамыту жөнінде баяндама жасап, оны талқылау нәтижесінде Қоянды жәрмеңкесін қалпына келтіру мақсатында өлкелік бюджеттен 60 000 сом қаржы бөлінді [11, 283 б.]. 1924 жылғы 22

қыркүйектегі ҚАКСР Ішкі сауда халкомының Қазақстандағы 1923-1924 жж. жәрмеңке саудасының дамуы туралы есебі бойынша елде барлығы Қоянды, Ойыл және Темір атты үш жәрмеңке болғаны және олардың сауда айналымының көлемі жылдан жылға артып, саудаға Қытайдың шекаралас Солтүстік батыс аумағы, Омбы губерниясының бір бөлігі, Моңғолияның Қобда округінің бір бөлігі де тартылған [12, 388-390 бб.].

1923 жылы 15 тамызда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік ауыл шаруашылығы және қолөнер көрмесіне қатысу үшін алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіліп, Қазатком мен Қазхалком тарапынан барлық губерниялық, уездік аткомдарға бұйрық жіберілді [13]. Себебі, көрменің табысты өтуі шаруашылық құрылыстың дамуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Осыған орай С.сейфуллин қол қойған бұйрықта көрмеге дайындық жұмыстарын жүргізу, оны бақылау, жергілікті бюджеттен қаражат бөлу міндеттелді. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыстың нәтижесінде көрмеге ғылыми-ағарту, халықтың тұрмысы және үй шаруашылығы, кооперация т.б. сияқты барлығы 15 түрлі бөлімнен 5200 экспонат жіберілді [4, 15 б.].

1928 жылы Сәкен Сейфуллин Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының директорлығына ауысып, лекция оқып жүрді. Бірақ, Мәскеудің құпия тапсырмасы ма республика басшылығының тізгініне ие болған Голощекин қазақ зиялыларының іс-әрекетін қас қақпай қарап жүрді. Бір оңаша отырыста ол «менің Қазақстанға келгеніме бірнеше жыл болса да, Сейфуллин маған бір рет келмеді» депті. Сол-ақ екен газеттерде Хамза Жүсіпбектің «Сәкен және Сәкеншілдер», Жақын Сыздықовтың «Сәкеншілдік» атты сыни мақалалары жарияланды. Соған байланысты партиялық тексеру комиссиялары құрыла бастады. Сәкен қатты күйзелді. Қолынан келер амалы жоғары басшылықтың көзіне түспеу үшін қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаймын деген сылтаумен, 6-7 айға ел жаққа кетеді. Сәкенді сонау Жоңғар қақпасының аузында отырған ауданға жіберудің бірнеше себебі бар еді. Біріншіден, бұл тұс Қытайға көшетіндердің ең ұрымтал өткелі. Егер ел ауса Сәкен сөз сөйлеп, жұрт есін жияр деген бір есеп бар. Екіншіден, қашқандар көп болса, неге тоқтатпадың деп, Сәкенге айып таға салуға оңай еді. Басқа жаққа жіберіндер дегеніне қарамай, Сәкенді дәл осы Үржарға аттандырудың түпкі сыры осы болатын.

1936 жылы партия мен үкімет Сәкеннің зор еңбегін айрықша бағалап, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады. Ақынның әдебиеттегі еңбегінің жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан жұртшылығы болып тойлады. Алайда бір жылдан кейін оның өмірі түбегейлі өзгерді. 1936 жылдың шілдесінде орден беріп ардақтаған ақынын совет өкіметі көп ұзатпай жүндей түтті. 1937 жылғы тамыздың 13-інде «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әдебиеттегі троцкийшіл-бухариншіл ұлтшыл фашист зиянкестерді жеріне жеткізе құрту керек» деген мақала жарық көрсе, «Социалистік Қазақстан» газетінде «Қазақ әдебиетіндегі авербахшылдықтың қалдығын толық жою керек» (29.08. 1937), «Лениншіл жас» газетінде «Троцкийшіл, оңшыл, ұлтшыл сұмырайларды құртайық» (04.07.1937) деп аталатын мақалалар бірінен кейін бірі жарық көрді [3, 306 б.].

1937 жылы 24 қыркүйекте ол қамауға алынды және 1938 жылы 25 ақпанда РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11-баптары бойынша айып тағылды. 1938 жылы 25 Сәуірде 16 сағат 40 минутта Алматыдағы НКВД түрмелерінің бірінде "халық жауы" ретінде атылды. 1957 жылы 21 наурызда оны КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы қылмыс құрамының жоқтығынан ақтады.

Сәкен Сейфуллин екі рет отау құрған. Біріншісінде татар көпестің қызы Рахима Халфинаға үйленген. Бірақ, көп ұзамай ажырасып кеткен. Ал екінші әйелі Гүлбахрам Батырбековадан екі баласы туылды. Өкінішке орай, олардың да тағдыры қайғылы қасіретке ұшырады. Қызы шетінеп кетті, ал ұлы Аян анасы екеуін АЛЖИР-ге жөнелту кезінде жолда вагонда көз жұмады.

Өзінің қысқа ғұмырында Сәкен Сейфуллин халқы үшін көптеген игі істерді атқарып үлгерді. Ол қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құрушы, Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушы, ақын, жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері ретінде ұрпақ есінде мәңгі сақталмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Наркомы Казахстана. 1920-1946 гг. Библиографический справочник. / Сост. М.Х. Жакыпов, А.С. Зулкашева, А.И. Ипмагамбетова, Е.В. Чиликова. – Алматы: Арыс, 2007. -400 с.
- 2 Қазақ Совет Энциклопедиясы. /Бас ред. М.Қ. Қаратаев. -Алматы, 1977. Т.10. -648 б.
- 3 Кәкішұлы Т. Дала дауылпазы. Ғұмырнама. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 408 б.
- 4 Касымов С.С. Сәкен Сейфуллиннің үкімет басшысы ретінде ауыл шаруашылығын көтерудегі рөлі. // ҚазҰУ хабаршысы. – 2008. №3(50). -12-17 бб.
- 5 ҚР ОММ. 771-қ, 1-т., 3-іс. 3-4 пп.
- 6 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 25-іс. 19-п.
- 7 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 230-іс. 10-п.
- 8 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 230-іс. 36-п.
- 9 ҚР ОММ. 30-қ., 1-т. 230-іс. 43-п.
- 10 Советская степь. 1923 жыл. – 23 желтоқсан. -2 б.
- 11 Абсеметов М. Сәкен Сейфуллин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924). – Астана: Рухпресс, 2006. -416 с.
- 12 Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг). Сборник документов и материалов / Под ред. Г.Ф. Дахштейгера. – Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1962. -594 с.
- 13 Советская Киргизия. 1923 жыл. - №1. -6-7 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАРҚАРАЛЫ КЕЗЕҢІ: ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕКТЕБІ

Тұрған Ф.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
тарих факультеті, «Халықаралық қатынастар» мамандығы, 3курс студенті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші: **Төлеуова Бақытгүл Тілеубайқызы**, т.ғ.к., Бүкіләлем тарихы және
халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры

fariza_turgan@mail.ru

*«Қазақ-ау! Тузуің бірігіп, қазақ үшін
қызмет қылатын кез келген жоқ па?»*

Әлихан Бөкейхан

Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының бетке ұстар қайраткері, Алаш көсемі. Оның тұлғалық және саяси қалыптасуында Қарқаралы өңірі айрықша рөл атқарды. Қарқаралы – оның балалық, жастық шағының, алғашқы оқу-ағарту тәжірибесінің ордасы ғана емес, сонымен қатар, ұлттық идеяның бастау бұлағы болған мекен. Бұл өлкеде өткен балалық шағы мен білім жолындағы алғашқы қадамдары, туған халқының болашағына деген сүйіспеншілік сезімімен астасып жатты. Қарқаралыда өткен жылдар Әлиханды туған елі мен жерінің тарихына, тіл мен дінге, халықтың тұрмыс-тіршілігіне терең үңілуге жетеледі. Осы кезеңде ол қазақ халқының саяси және әлеуметтік мәселелерін тереңірек түсініп, болашақта ел болашағына қызмет ету идеясын санасына сіңіре бастады. Ұлттық рух пен тарихи таным оны ел ішіндегі әділетсіздікке бейжай қарамауға итермеледі. Осындай рухани қалыптасу кезеңі кейінгі қайраткерлік жолының темірқазығына айналды.

Қарқаралыдағы рухани-мәдени негіз

Қарқаралы – қазақ халқының рухани, мәдени және саяси өмірінде өзіндік орны бар тарихи өлке. Бұл өңір тек әкімшілік орталық ретінде ғана емес, сонымен қатар, ағартушылық